

Тәуелсіздік - басымызға қонған бақыт құсы

Изенді үлгілі ауыл кітапханасында 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті.



Мәнерлеп оқу сайысында тәуелсіздік пен желтоқсан туралы кітапханашы мәлімет беріп, қыршын кеткен жастарымызды 1 минуттық үнсіздікпен еске

алдық. Ауыл әкімі С.Қ.Берде-шова жылы лебізін білдірді.

Сайысқа қатысқан 18 оқырман ішінен I орын Абильдинова Нұрдана «Елбасы және жастар», II орын Жанат Дәрия «Тәуелсіз ел», III орын Бердешев Ертуар М.Темірұлының «Қуан, қазақ» атты өлеңдерін мәнерлеп оқып, көрермендерді таң қалдырды.

Сайысқа қатысқан оқушыларымызға, демеушілік көрсеткен ауыл әкімшілігіне ризашылығымызды білдіреміз.

А.Е. Бердешева
Изенді үлгілі ауыл кітапханасы